

УДК 340.128

## **БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫН РЕТТЕУ: ҚАЗАҚСТАН МЕН ШЕТ ЕЛДЕРДІҢ ЗАҢНАМАЛАРЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ**

**Шәудірова Г.М.**

[shaudirovaglx@mail.ru](mailto:shaudirovaglx@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі - Н.Д. Мырзатаев

Тақырып негізін аша келсем, білім беру саласы сонымен қатар құқық бұзушылық пен заңдық жауапкершілік. Негізінен білім беру саласын қарайтын болсақ, елімізде бұл аталмыш сала өркендеп даму үстінде. Оған мысал Жоғарғы оқу орындары, сапалы мамандар және серпінді жастар, күн сайын арнаулы дәрежеге көтеріліп, марапатталып жатыр. Сан түрлі жаңалық ашып, еліміздің білім сапасын көтеріп жатыр. Білім беру саласының дұрыс жүргізілуі ол ең алдымен маманға байланысты деп білемін. Халыққа білім беру ісін дамытуда педагогикалық фактордың әсері бар. Мысалы, мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесін ерте бастан қолға алып, оларды тиісті дайындықпен мектепте оқуға дайындау қажет. Ол үшін балалар бақшасында және үйірмеде тәрбие жұмысының процесіне нақты педагогикалық басшылық жасап, оның барынша сапасын және нәтижесін арттыру тәрбиешілерден, ата-аналардан, мектепке дейінгі мекемелер меңгерушілерінен үлкен педагогикалық шеберлікті талап етеді. Халыққа білім беру жүйесінің міндеттерін жүзеге асыру білім берудің мемлекеттік саясат принциптеріне тәуелді. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңы бойынша мына мемлекеттік принциптер басшылыққа алынады:

- 1) Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының білім алу құқықтарының теңдігі;
- 2) Әрбір азаматтың интеллектуалдық дамуы, психикалық физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі тұрғындарының білімге қол жеткізуі;
- 3) білім берудің зайырлы сипаты;
- 4) жеке адамның білімділігін ынталандыру және дарындылығын дамыту;
- 5) білім беру сатыларының сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі; оқу мен тәрбиенің бірлігі;
- 6) білім беру ұйымдарының меншік нысандары бойынша, оқу мен тәрбиенің нысандары, білім беру бағыттары бойынша алуан түрлі болуы;
- 7) білім беруді басқарудық демократиялық сипаты және білім беру ұйымдарының академиялық бостандықтары мен өкілеттілігін кеңейту;
- 8) білім берудің ізгілікті және дамытушы сипаты [1].

Қазіргі таңдағы білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты – ой-өрісі дамыған, жан-жақты, шығармашылық деңгейде қызмет ете алатын, дүние-танымы биік, білімдік бәсекеге қабілетті, жан-жақты, сыни ойлай алатын жеке тұлға тәрбиелеу. Ғаламдану өркениетімен қазіргі заманғы әлемде бәсекелестік жағдайына тез бейімделу қабілеті тұрақты дамудың ең маңызды факторы болып табылады. Әлем елдеріндегі білім беру жүйесінің құрылымы түрліше. Әлем елдерінің білім беру жүйесі ерекшеліктеріне қарай даму

үстінде. Себебі кез келген елдің бәсекелестік мүмкіншіліктері көбіне білім беру жүйесінің жай-күйімен анықталатын мемлекеттің әлеуметтік капиталының дамуына тәуелді[2].

Білім деңгейінің жоғарылығымен танылған мемлекеттер ғаламдану үдерісіне сәйкес реформалар жүргізуде. Білім беру жүйесіндегі реформаға негізделген әлемдік дамудың негізгі үрдістері :

- қоғам дамуының жылдамдығы;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқындылығы;
- ғаламдық проблемалардың шығуы және анықталған тақырыптарды бірлесіп шешу мәселелері;

- қоғамның ашық демократиялығы;
- экономиканың өсуі мен бәсекелестіктің қарқынды жүруі;
- адам ішкі әлеуетінің мүмкіндіктері.[3]

Қазақстан Болон процесіне кірген ел болғандықтан, әр түрлі халықаралық зерттеулерге қатысып келеді. Бірақ біздің еліміз дүниежүзілік TIMSS, PISA зерттеулері қорытындылары бойынша төменгі нәтижені көрсетіп келеді. Осы зерттеулерге қатысқанға да біраз жыл болды. Бізде қандай өзгерістер бар? Біздің оқытқан балаларымыздың білім деңгейі неге төмен болды деген сұрақтарға жауап іздеп көрдік пе? Біздің алдымызда қандай мақсат пен міндеттер тұр?

Біздің ойымызша, біздің білім беру жүйемізде мұғалімдер басымдықты «нені оқыту керек?» деген сұраққа қатысты көбірек көңіл бөліп, ал оқушыларға сол жаңа білімді қалай оқыту керек? деген мәселе қалып қалып қойған сияқты. Яғни мұғалім тарапынан дайын білім беріледі де, сәйкесінше оқушының жаңа ақпаратты өз бетімен алу дағдысын қалыптастыратын оқу ортасы ұйымдастырылмайды. Бірлескен оқу ортасын құру арқылы топтық жұмыстар жүргізу біздің мектептерімізде аз қолданылады. Оқушылар топта жұмыс жасауда бір-бірімен пікірлесіп, талқылау жүргізіп өзара оқыту, өздігінен білім алуға қолайлы жағдай жасай алмаймыз. Оқушылар алған білімдерін өмірде қолданудың ретін білмегендіктен, ПИЗА бойынша төмен көрсеттік деп ойлаймын. Әлемнің озық елдерінің мектептеріндегі білім жүйесі бірлескен оқу ортасын құру арқылы олардың топта жұмыс жасау дағдысын, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері арқылы оқушылардың сыни ойлау дағдыларын қалыптастырып, өздігінен және өзара білім алуға бағытталған. Әлем елдерінің білім жүйесін бір-бірлерімен салыстырар болсақ, олардың білім жүйесі әр түрлі деңгейде дамуда.

Дүние жүзінің білім жүйесін зерттеген сарапшылар дүние жүзі бойынша әр түрлі көрсеткіштерді ала отырып көптеген елдердің білім жүйесін салыстырған. Көрсеткіштер бойынша дүние жүзінің 26 мемлекеті өздерінің білім жүйесінің озық үлгілерімен ерекшеленген. Солардың қатарында Ирландия, Дания елі де бар. Өздерінің білім деңгейінің жоғарылығын көрсеткен елдердің білім деңгейінің сараласам, әр елдің білім жүйесінің ерекшеліктері бар. Ирландиядағы білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігінде өзіндік орны бар. Дамыған елдердің білім жүйесіне жүргізілген зерттеулер нәтижесі Ирландияның білім беру жүйесі алдыңғы дамыған мемлекеттердің қатарына кіреді. Сонау орта ғасырлардан бері Ирландияда білім беру ісі ең маңызды іс болған. Сондықтан болар Ирландияны «әулиелер мен оқымыстылар аралы» деп атаған. Ирландиядағы білім беру ісі жақсы жолға қойылған. Еуропа елдері бойынша Ирландия мектептегі сабақтары саны көп, ағылшын оқушыларына қарағанда ирландықтар әр түрлі деңгейдегі емтихандарды көбірек тапсырады. Ирланд мұғалімдеріне қойылатын талаптар да жоғары. Ирланд мұғалімдерінің жалақысы өте жоғары. Мұғалім - мәртебелі мамандық иесі. Қазіргі уақытта Ирландияда білім беру ісін басқару және жауапкершілік Білім және ғылым департаментіне (DES) жүктелген.

Департамент білім беру аспектілерін қарастырып, оқу жоспарлары мен ұлттық сынақ байқауларын өткізеді. Орта білім беру сатысындағы мектептер орта мектеп, кәсіптік мектеп, қоғамдық және бірыңғай мектеп бөлінеді. Мектептің типі қаржыландыру көзіне байланысты анықталады. Бұл елдің орта мектептерінің көпшілігі жеке тұлғалар немесе шіркеулер иелігінде. Кәсіптік мектептер жергілікті әкімшіліктегі Кәсіптік Білім беру комитетіне қарайды. Үкімет мектептерді 93% қаржымен қаржыландырып отырады, бірақ қаржының мақсатты жұмсалуды жергілікті әкімшіліктің бақылауында болады Ирландия елінде

балалар бақшасы жоқ, себебі бала осы жасқа дейін отбасында тәрбиеленуі керек екен. Ирландияда 12 жылдық білім беру жүйесі қалыптасқан. Міндетті білім алушылар 6-19 жас аралығындағы балалар қамтиды. Бұл елдегі барлық бастауыш мектеп 1999 жылдан жалпы мектеп бағдарламасы –The Primary School Curriculum- мен жұмыс жасайды. Бастауыш сыныпта оқушылар негізгі пәндер және ана тілі,ағылшын тілі, дінтану, дүниетану пәндері бойынша тәлім алады. Бастауыш сынып оқушыларының сабақтары ойын түрінде және топтық жұмыстар негізінде жүргізіледі. Балалар жастайынан өзара әрекеттестікте, бір-бірімен қарым-қатынас жасау дағдысы қалыптасып, жастайынан қоғам өміріне бейімделе алатындықтарын зерттеу нәтижелерінен көрсетті.Оқудың ынтымақтастық ортасында оқушылар әлеуметтік және эмоционалдық тұрғыдан да дами түседі, өйткені олар түрлі көзқарастарды тындап, өз идеяларын айтуға және қорғауға мәжбүр болады. Мұндайда оқушылар сарапшылардың немесе мәтін аясында шектеліп қалмай, өздерінің ерекше тұжырымдамалық түсініктерін құруды бастайды [4]. Осылайша ынтымақтастық оқу жағдайында оқушылар құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас жасауға, идеяларды ұсынуға және қорғауға, әртүрлі ұстанымдармен алмасуға, басқа тұжырымдамаларға күмәнмен қарауға және оған белсенді қатысуға мүмкіндік алады. Мектептерде оқушының мәдениетінің дамуына көп көңіл бөлінеді.Бастауыш сыныптардағы әрбір бала үшін арнайы бағдарламалар дайындалып, олардың тұлғалық мүмкіншіліктерін ашады. Орта мектептің I сатысы «Junior Cycle» деп аталады. Бұл саты 3 жылға созылады. Оқушылар «Junior Certificate» емтихан тапсырып, арнайы сертификат алады. Орта мектептің төртінші жылы «Transition Year» деп аталады. Бұл жылы оқушылар өтілген материалдарды қайталап, өз білімдерін пысықтайды. Оқушылар келесі сатыда қандай бағытта оқитынына таңдау жасайды. Орта мектептің бесінші және алтыншы жылында оқушылар өз таңдаулары бойынша пәндерді таңдай алады.Оқушыларға арналған бағдарламаны мектеп өзі қарастырып жасайды. Бағдарламаны ата-аналар және оқушылармен бірігіп таңдай алады. Бұл ретте көбіне бизнесті ұйымдастыру, бухгалтерлік есеп,кәсіпкерлік,тілдер,сызу,музыка, дене тәрбиесі сияқты таңдау курстарын таңдай алады. Орта мектептің екінші сатысында оқушылар әр түрлі жобалар арқылы басқа мемлекеттің мектебіне немесе басқа мектептерге белгілі бір уақыт аралығында барып оқуына мүмкіндіктер жасалған.Оқушылар осы кезден бастап кәсіпкерлікпен айналысуына мүмкіндіктер қарастырылғандықтан, бала өзі нені қалайды, не істей алады осы жұмыстарға қарай бағытталады.Бірақ бұл бағдарламаға қарсы шығушылар да бар. «Балаға берілген мүмкіндіктер баланың сабаққа деген құлшынысы азайтып, келесі сатыға өтуге кері әсерін тигізеді» ,-дейді бұл бағдарламаға қарсы шыққандар. Оқушылар математикадан, ағылшын тілінен, ирланд тілінен, қоғам негіздері және оқушы таңдауы бойынша пәндерден емтихан тапсырады. Бұдан кейін ирланд оқушылары «Leaving Certificate» аталатын емтихан тапсырады.

Жоғары сынып оқушылары экономика мен жаратылыстану пәндеріне көбірек көңіл бөлінеді. Ирланд оқушылары әр түрлі ресурстарды пайдалану және қажетті ақпарат алу үшін планшетпен немесе ноутбукпен қамтамасыз етілген. Ирландия мектептеріндегі сабақтар күніне 7 сағатқа созылады.Оқушылар өздерінің алған білімдерін үйден саралау жұмыстарын көбірек жүргізеді, орындауға арналған тапсырмалар берілмейді екен. Ирландия мектептерінде оқушылардың шығармашылық әлеуетін көтеру мақсатында түрлі үйірмелер жүйелі түрде жұмыс жасайды. Бастауыш сыныптан бастап оқушылар сабақтан кейінгі уақытында шығармашылықпен тұрақты айналысады. Ел экономикасын дамытуда арнаулы кәсіптік білімді мамандар қажет болғандықтан, Ирландияның білім беру саласында кәсіптік білім білімге көбірек мән берілген. Ирландия мектептерінде «Transition Year» сатысы ұнады. Бала өтілген материалдарды жыл бойына қайталап, еске түсіреді,дағдысын қалыптастырады[5].Ұлттық Бірыңғай Емтихан біздің ҰБТ-ға ұқсас, бірақ оқушының мүмкіншіліктері қайта қарастырылған. Бізде ҰБТ тапсырғаннан кейін, оны қайта тапсыра алмайсың. Осы жүйені еліміздің мектептерінде қарастыруға болатын сияқты. Ұлттық Бірыңғай Емтиханды тапсырғаннан кейін 2 кезең бойынша тағы да сынақтан өтеді. Бұл да білім жүйесіне сапалық пен нәтижелікті әкеледі деп ойлаймын.

Ирландия еліндегі білім беру жүйелерін Қазақстанның білім беру жүйесімен салыстырар болсам, Ирландия елінде 12 жылдық білім беру міндетті болса. Біздің елімізде де 2015 жылдан бастап 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу көзделіп отыр. Қазіргі таңдағы мемлекетіміздегі білім саласындағы реформа - 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу. Қазақстанның 12 жылдық білім беруге көшу реформасы білім берудің жаңа ұлттық моделін жасаудың стратегиялық міндеті табысты мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді. 12 жылдық білім берудің күтілетін нәтижелері белгіленген мақсатқа сәйкес мектеп бітірушінің негізгі құндылықты-бағдарлы құзыреттілік, мәдениеттанымдық құзіреттілік, когнитивтік құзіреттілік коммуникативтік құзіреттілік, ақпараттық-технологиялық құзіреттілік, әлеуметтік өзара қарым-қатынас құзіреттілігі, тұлғалық өзін-өзі дамыту құзіреттіліктерін дамыту қажет деп көрсетілген[6].

Біздің ойымызша, оқушы бойында қалыптастырылған белгілі бір құзыреттіліктер арқылы Ирландия елінде алдыңғы қатардан көрінді деп ойлаймын. Бұл елдердің негізгі ұстанымы оқушы алған білімін өмірде қолдана білетіндей тұлға тәрбиелеу. Екі елде де бастауыш сыныптарда оқушылардың білім деңгейіне аса көп мән берілмейді, ал қоғаммен, қоршаған ортамен, өз ортасымен байланысы басты назарда ұсталынады. Ал біздің елімізде баланың дағдылары есепке алынбайды, білім деңгейі сараланады. Екі елде де үй тапсырмалары оқушы өз білімін саралау үшін беріледі. Тапсырма деңгейі ауқымды болмайды, біздің балаларымыздың үйге келгеннен кейін де орындалатын тапсырмалары жетерлік. Оқыту үдерісіне мұғалімнің кәсіби біліктілігі басты орында болуы тиіс деп ойлаймын. Бардердің пікірі негізінде, мектеп әкімшілігі мен білім беру жүйесі басқару органдарының мұғалімдерді тиісті ресурстармен қамтамасыз ету қызметінен гөрі, оқушыларды тәрбиелеу, дамытуға бағытталған мұғалімнің сыныптағы күнделікті жұмысы оқыту үдерісі мен оқушылардың оқу нәтижелеріне оң ықпал ететіндігін көз жеткізе отырып, «мұғалім- мектептегі басты тұлға» екендігін айтқым келеді.

Халықаралық жаңғырту процесінің толыққанды, белсенді қатысушысы болу үшін ұлттық құқықтық жүйені жаңғыртуға ұмтылу Қазақстан Республикасы дамуының ерекше кезеңдерінің бірі болып табылады. Бұл процесс Қазақстан Республикасының басқа елдермен құқықтық өзара қарым-қатынастарының сипатына ғана емес, оның ішкі заңнамасына да сөзбен жеткізілмейтін әсер етеді. Бұл ретте қуғын-сүргін экономикасының қағидаттарын ескере отырып, қылмыстық жауаптылықты барынша дараландыруға мүмкіндік беретін қылмыстық-құқықтық ықпал етудің тиімді жүйесін құру барлық мемлекеттер үшін қандай да бір дәрежеде өзекті болып табылады[6].

Салыстырмалы құқықтану әдісін қолдану шетелдік және ұлттық заңдарды жақсы білуге мүмкіндік береді. Заң шығарушы ұлттық құқықты жетілдіру үшін салыстырмалы құқықты пайдаланады. Белгілі француз зерттеушісі М. Ансель атап өткендей, шетелдік заңмен танысу "заңгерге жаңа көкжиектер ашады, оған өз елінің құқығын жақсы білуге мүмкіндік береді, өйткені бұл құқықтың ерекшеліктері басқа жүйелермен салыстырғанда ерекше анықталған". Сондықтан қазіргі заманғы жазалау жүйелерін дамыту нұсқасының бірыңғай мәнді мәтіні мен шегін түсіну қылмыстық жазалау жүйесін одан әрі дамытудың бағдарын және оны Қазақстан Республикасында қолдану практикасын айқындау үшін аса маңызды[7].

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. А.Құсайынов. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы. Алматы қаласы. 2013 ж
2. Білім туралы. - Об образовании: Қазақстан Республикасының Заңы. - Алматы: Литера, 2000. - 96 б.
3. Тимофеева Е.А., Мотин О. А. реформалаудың қазіргі кезеңіндегі Қазақстан Республикасының пенитенциарлық жүйесінің жалпы сипаттамасы және дамуы // заң ғылымы және практикасы: Ресей ФСИН Самара заң институтының ғылыми еңбектерінің альманахы. - Самара: Ресей Федерациясының Самара заң институты, 2014. - Вып. 1.-Б.80-84.

4. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығы // анықтамалық құқықтық жүйе заңгер.
5. Дэвид Р., Джеффри-Спинози к. қазіргі заманның негізгі құқықтық жүйелері. - М., 1999.-Б. 11.
6. Ансель М. жаңа әлеуметтік қорғау (қылмыстық саясаттағы гуманистік қозғалыс). - М., 1970. - Б. 167.
7. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. - Алматы, 2012.
8. Модельдік Қылмыстық кодекс: Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына арналған ұсынымдық заңнамалық акт / ТМД - ға қатысушы мемлекеттердің Парламентаралық ассамблеясының жетінші пленарлық отырысында 1996 ж. 17 ақпанда қабылданды / / <http://zakon.kz/>.